# Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 11 қыркүйекте № 9729 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 741 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 16-бабы 1-бөлігінің 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2024 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 741 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы" Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 184 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылы 10 мамырда № 7633 тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2012 жылғы 4 тамыздағы № 251-253 (27070-27072) санында, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының 2012 жылғы 2 тамыздағы № 9 актілер жинағында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М. Бердалин):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2015 жылғы 1 қаңтардан ерте емес.

*Министр*
*полиция генерал-лейтенанты* *Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 13 тамыздағы
№ 508 бұйрығымен бекітілген

## Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.08.2019 № 720 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) қылмыстық-атқару жүйесі бөліністерінің тәрбие қызметтері қызметкерлерінің бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін, оның ішінде:

1) бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тәрбиелік ықпал етуді;

2) карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысын;

3) жасақтардағы сотталғандармен тәрбие жұмысын;

4) жазаны өтеудің дағдылы, жеңілдетілген, қатаң және жеңілдікті жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктерін;

5) сотталғандарды босатылуға дайындау кезінде олармен тәрбие жұмысын жүргізуді;

6) жасақ бастығының, психологтың құжаттамасын;

7) сотталғандардың ерікті ұйымдарын (бұдан әрі – СЕҰ);

8) кәмелетке толмаған сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктерін ;

9) өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктерін;

10) сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуде психологтардың қатысуын.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі (бұдан әрі – мекемелер) сотталғандармен тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мекемедегі сотталғандармен тәрбие жұмысын мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бақылайды және үйлестіреді. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуді сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің (бөлімшенің, топтың) бастығы мен қызметкерлері, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген шекте мекеменің басқа да қызметкерлері қамтамасыз етеді.

4. Толық қауіпсіз мекемесін, тәртіптік изоляторды және жалғыз адамдық камераларды қоспағанда, мекемелерде мекеме әкімшілігінің бақылауымен жұмыс істейтін сотталғандардың ерікті ұйымдары құрылады.

5. Сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізі:

1) сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жеке бөлім болып жоспарланатын мекеменің тоқсанға арналған жұмыс жоспары. Осы бөлімге ұсыныстарды сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің (бөлімше, топ) бастығы жасайды, ол мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіледі;

2) жасақ бастығы жасайтын және сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің (бөлімше, топ) бастығымен келісілген және мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекітетін жасақтағы тәрбие жұмысының кешенді жоспары болып табылады.

6. Жоспарларда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы, оларды жалпы, техникалық немесе кәсіптік оқыту, сотталғандардың ерікті ұйымдарының жұмысын бақылау, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу, діни және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу мәселелері көрсетіледі.

7. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуге азаматтар мен қамқоршылық кеңестер, сотталғандардың ата-аналар комитеттері, кәсіптік одақтар, еңбек ұжымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, қоғамдық және қайырымдылық қорлары, саяси партиялар қатыса алады.

## 2-тарау. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету

8. Мекемелерде сотталғандардың түзелуіне, яғни заң талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысуға, білім және мәдени деңгейін арттыруға, оңалту бағдарламаларына қатысуға ынтасын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені жүргізіледі.

Іс-шаралар кешенін жүргізу үшін тәрбиелеудің мынадай түрлері пайдаланылады:

1) адамгершілік тәрбиесі сотталғандарда моральдық-этикалық түсінікті қалыптастыруға, әрбір сотталған адамның қоғамда өз тәртібін күнделікті сыртқы бақылаусыз реттеу қабілеттігін қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиесі мемлекет пен азамат арасындағы өзара қарым-қатынас, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың

құқықтары мен міндеттері туралы білулері, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуі, жасаған қылмысының қоғамдық қауіптілігінің мәні туралы түсінік алуына бағытталған;

3) эстетикалық тәрбие сотталғандардың эстетикалық талғамының және қоршаған ортаға адал қатынасының қалыптасуына ықпал ететін табиғат, өнер, әдебиет, сурет сұлулығының түсінігін дамытуға бағытталған;

4) еңбек тәрбиесі сотталғанның еңбек ету қабілетін дамытуға, оған босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу үшін қажетті мамандық алуына мақсатталған;

5) дене тәрбиесі бас бостандығынан айыру орындарында сотталғанның дене саулығын бірқалыпты ұстауға және бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған;

6) психологиялық тәрбиесі жазасын өтеп жатқан адамның психологиялық іс-әрекетінің заңдылығын зерттеуге, оның қылмыстық көзқарасын бұзу, сотталғанның жеке басын, оған түзелу процесінде ықпал ететін негізгі факторды зерттеуге бағытталған.

9. Сотталғандармен тәрбие жұмысы психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде жеке, топтық және бұқаралық нысандарда ұйымдастырылады.

Тәрбие жұмысын жүргізу барысында камераларда ұсталатын сотталғандар осы үй-жайларға арналған шағын және үлкен топтарға бірігеді.

10. Әр сотталғанға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жеке тәрбие жұмысын жүргізу күнделігі (бұдан әрі – ЖТЖ күнделігі) басталады.

Камераларда ұсталынатын сотталғандармен жеке тәрбие жұмысы тікелей сотталғандар ұсталатын камераларда, тәрбие жұмысы үй-жайларында және жасақ бастығы кабинеттерінде жүргізіледі.

Сотталғандармен топтық және бұқаралық тәрбие жұмыстары (сабақтар, дәрістер, жиындар, диспуттар, конкурстар, көркем өнерпаздар байқаулары, спорттық-ойын сауық іс-шаралары, сотталғандардың ерікті ұйымдарына қатысуы, психодиагностикалық, психотүзету, психопрофилактикалық және консультациялық жұмыс) тәрбие жұмысын шағын және үлкен топтарда жүргізуді көздейді.

11. Сотталғанды зерделеу және онымен тәрбие жұмысын жүргізу нәтижелері бойынша қорытындылар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің орталықтандырылған автоматтандырылған деректер қоры (бұдан әрі – ҚАЖ ОАДҚ) арқылы ай сайын ЖТЖ күнделігіне жазылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-тарау. Карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысы**

12. Сотталғанның мекеменің карантин бөлімшесінде болуы мінез-құлқының негізгі ерекшеліктерін, психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, жалпы білім деңгейін анықтау,

сотталғанның жаза өтеу тәртібімен және шарттарымен танысуы, сондай-ақ денсаулық жағдайын тексеру және санитарналық-гигиеналық шараларды өткізу үшін пайдаланылады.

13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстеріне (бұдан әрі – ҚАК) сәйкес әрбір сотталғанға мекеме түрінің өзгеруі, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға (бұдан әрі – ШТМББ) өтініш беру не болмаса жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру (бұдан әрі – НЖЖА), жазаны өтеудің бір жағдайынан басқасына ауыстыру тәртібі түсіндіріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2024 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Карантин бөлімшесінде сотталғандармен тәрбие жұмыстары сабақтар, әңгімелесу және мекеме қызметкерлерімен кездесу түрінде жүргізіледі. Сотталғандарға кітаптар, газеттер, журналдар оқу, орталық және жергілікті радио хабарларын тыңдау, теледидардан хабарлар көру мүмкіндігі беріледі.

Карантин бөлімшесінде сотталғандарға мекеменің қызметі және ішкі тәртіптеме қағидалары туралы бейнеролик көрсетіледі.

15. Жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысы ЖТЖ күнделігіне сәйкес карантин бөлімшесіндегі сотталғандармен сабақ жүргізудің кешенді үлгі жоспарымен сәйкес жүзеге асырылады.

16. Психолог жаңадан келген сотталғандарға бастапқы психодиагностикалық тексеру жүргізеді, олардың әрқайсысына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Психологиялық картаны толтырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Өткізілген жұмысты талдау нәтижелері бойынша психолог тиісті қызметтерге жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныс береді, олар ҚАЖ ОАДҚ арқылы ЖТЖ күнделігіне жазылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Жаңадан келген сотталғандармен карантин бөлімшесінде жұмыс жүргізу үшін мекеме бастығының бұйрығымен жасақ бастығы бекітіледі, оған тәрбие жұмыстарын жүргізу, ЖТЖ күнделігін бастапқы толтыру және сотталғандарды жасаққа бөлуді дайындау бойынша міндеттер жүктеледі.

## 4-тарау. Жасақтарда сотталғандармен тәрбие жұмысы

19. Жасақта сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу оның бастығына жүктеледі. Жасақ бастығы өз қызметін мекеменің жұмыс жоспары негізінде жасақтың ерекшеліктерін, сотталғандардың жеке қасиеттерін, сондай-ақ мекеменің басқа қызметтерінің ұсыныстарын және психологтың ұсынымын ескере отырып, тоқсан сайын жоспарлайды және ұйымдастырады.

Сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің (бөлімшенің, топтың) бастығы сотталғандардың жеке уақытын қоспағанда, аптасына екі реттен кем емес, сотталғандарға жасақта әлеуметтік маңызы бар фильмдерді (қоғамның патриоттық, рухани-адамгершілік, зияткерлік және мәдени әлеуетін арттыруға, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған өзекті, оның ішінде тарихи фильмдер) көрсетуді ұйымдастырады, бұл үшін фильмдердің тиісті жинағы жасалады.

Сотталғанды жасаққа бөлгеннен кейін жасақ бастығы оның жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны ЖТЖ күнделігіне тіркеумен сотталғанды әлеуметтік бейімдеу және қайта әлеуметтендірудің жеке бағдарламасы жасалады. Бағдарлама психологтың ұсынымдарын ескерумен күнтізбелік ағымдағы жылға жасалады.

20. Жасақ бастығы сотталғандарға олардың құқықтары мен міндеттерін, еңбек және демалыс шарттарын түсіндіреді, заңнамалық актілерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандар арасында әлеуметтік-құқықтық оқыту өткізудің тақырыптық жоспары бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастырады.

21. Сотталғандардың заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігі аяқталған кезде жасақ бастығы мекеме түрін өзгерту, ШТМББ, НЖЖА мәселесін шешу мүмкіндігі үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандарға мінездеме дайындайды, ол жеке іске тігіледі.

22. Сотталғандармен жасақ буынында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жасақ бастығына көмек көрсету мақсатында мекеме бастығының бұйрығымен Жасақ тәрбиешілері кеңесі (бұдан әрі – ЖТК) бекітіледі, оның отырыстары кемінде айына бір рет өткізіледі. ЖТК отырысының шешімі дауыс беру арқылы қабылданады. ЖТК отырысы оның тізімдік құрамының үштен екеуі қатысқан жағдайда құқықты деп саналады.

23. ЖТК құрамына: ЖТК төрағасы – жасақ бастығы, сотталғандармен жұмыс жасау дағдысы бар мекеменің басқа да қызметкерлері, жалпы білім беретін мектептің және кәсіптік-техникалық колледждің, оқу консультативтік пункттердің оқытушылары кіреді .

24. ЖТК мүшелері жасақ бастығына және психологқа сотталғандармен жасақ буынында жұмыс жасау кезінде көмек көрсетеді, сотталғандардың түзелу (тәртіпті түзеу) мәселелерін шешуге, ұстау режимін сақтауға, оларға заңға бағынушылықтың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, тәрбиелік және демалыс

іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады, сотталғандармен тәрбиелік әңгімелесу жазбасын және ЖТК ұсынымдарын ҚАЖ ОАДҚ арқылы ЖТЖ күнделігіне және Психологиялық картаға енгізеді, жеке бағдарламаны, ШТМББ немесе НЖЖА-ға ( оның жеке басын сипаттайтын деректер, мінез-құлқы, жазаны өтеу кезінде оқуға және еңбекке деген көзқарасы) дайындауға, мекеме түрін өзгертуге, сотталғандардың мекемеден тыс жерге шығуына сипаттайтын материалдарды әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сотталғандардың ерікті ұйымдарының жұмыстарына көмек көрсетеді, сондай-ақ сотталғандарға көтермелеулер, тәртіптік жазалаулар қолдану мәселелерін қарастырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Сотталғанда соңғы көтермелеуді не тәртіптік жазалауды қолданған күнінен бастап бір жыл ішінде ҚАК 130-бабында көрсетілген жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылық болмаған кезде сотталған жақсы тәртібі үшін көтермелеуді қолдануға жатады.

Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес сотталғанға көтермелеу қолдану туралы өтінішхат және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес көтермелеуді қолдану туралы қаулы мекеме бастығына не оның орынбасарына тәрбие жұмысы бөлім бастығымен ( бөлімше, топ) және мекеменің мүдделі қызметтермен келісім бойынша енгізіледі.

Сотталғанға жұмыс берушінің не сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру қызметінің және мекеменің оқыту орнының еркін нысандағы жазбаша ұсыныстары ( бұдан әрі – ұсынылып отырған материалдар) болған кезде қаулыға ЖТК отырысы хаттамасынан үзінді қоса беріледі.

Көтермелеу туралы қаулы қоса берілген материалдармен сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

Сотталғандарды көтермелеу туралы қаулылар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тиісті журналда жүргізіледі.

Сотталғандарға көтермелеулер мекемеге келгеннен кейін үш айдан ерте емес уақытта, соның ішінде ҚАК 96-бабы тәртібінде басқа мекемеге ауыстырылған жағдайда қолданылады.

Сотталғанға көтермелеу қолданған күннен бастап келесі көтермелеудің арасы 3 айдан кем болмайды.

Ерікті ұйымдардың жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысу фото не бейне материалдармен расталады, олар көтермелеу туралы қаулымен бірге сотталғанның жеке ісіне қоса тігіледі.

Заңды бұза отырып сотталғандарға қолданылған көтермелеулер жоғары тұрған лауазымды адамның дәлелді қаулысымен не прокурорлық қадағалау актісі бойынша жойылады.

Сотталған адамға көтермелеуді заңсыз қолдану фактісі қызметтік тергеу жүргізу жолымен белгіленеді.

Қызметтік тексеру "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 58-бабына сәйкес жүргізіледі.

Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша көтермелеуді қолдануды бұзу фактісі расталған кезде, осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталған адамды көтермелеудің күшін жою туралы қаулы шығарылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 741 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Сотталғандарға тәртіптік жазалаулар ҚАК-тің 133-бабында көзделген тәртіпте мекеме бастығының немесе оның міндетін атқарушы адамның не оның орынбасарының қаулысымен осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысанда қолданылады.

Бұзушылық фактісі бойынша сотталғанмен ЖТЖ күнделігіне тіркеумен тәрбиелік сипаттағы әңгіме жүргізіледі, қажеттілігіне қарай психологиялық көмек, психотүзету іс-шаралар өткізіледі.

Мекеме әкімшілігі көтермелеу немесе жазалау шараларын қолдану туралы қаулы шығарылған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ҚАЖ ОАДҚ-ға осы мәліметтерді енгізеді.

Егер тәртіптік жазалау басқа мекемелер арқылы транзитпен жүруі (бұдан әрі – транзиттік мекеме) кезінде салынған жағдайда транзиттік мекеме әкімшілігі тәртіптік жазалауға тарту туралы қаулы бар материалдарды сотталғанның жеке ісіне қоса береді.

ТИ-ға жабу транзиттік мекемеде орындалады, транзиттік мекемедегі ТИ-ға жабу орындалмаған жағдайда не толығымен орындалмаса, осы жазалау мекемеге келген күні , соның ішінде тиісті іс-шараларды өткізумен карантинде болған күндерді есепке алумен орындалады.

Сотталған жіберілген мекемеге келген күні, оның әкімшілігі жеке ісіне қоса берілген, тәртіптік жазалауларға тарту туралы материалдардың негізінде тиісті мінез-құлық дәрежесін бере отырып, ҚАЖ ОАДҚ-ға тиісті мәліметтерді енгізеді.

Мекеме әкімшілігі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей прокурорға сотталғанға қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы қаулының көшірмесін жолдайды.

Заңды бұза отырып сотталғандарға қолданылған тәртіптік жазалар жоғары тұрған лауазымды адамның дәлелді қаулысымен не прокурорлық қадағалау актісі бойынша жойылады.

Сотталған адамға тәртіптік жазаны заңсыз қолдану фактісі қызметтік тергеу жүргізу жолымен белгіленеді.

Қызметтік тергеу "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 58-бабына сәйкес жүргізіледі.

Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша жазалауды қолдануды бұзу фактісі расталған кезде, осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталған адамға қолданылған жазалаудың күшін жою туралы қаулы шығарылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 741 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Сотталғанның мінез-құлық дәрежесі ҚАК-тің 95-бабына сәйкес мекеме комиссиясы отырысында айқындалады.

Мекеме әкімшілігі мінез-құлық дәрежесін айқындау немесе өзгерту туралы қаулы шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ОАДБ-ға осы мәліметтерді енгізеді.

Сотталғанды бір түрдегі мекемеден басқа мекемеге ауыстырған жағдайда мінез-құлық дәрежесіне бұрын қойылған баға оның мінез-құлық дәрежесін ҚАК-де көзделген мерзімдерде мекеме комиссиясы қараған кезге дейін сақталады.

ҚАК 96-бабының бірінші және үшінші бөліктеріне сәйкес басқа түрдегі мекемеге ауыстырған жағдайда сотталған мекемеге келгенде оның мінез-құлқын ҚАК-де көзделген мерзімдерде мекеме комиссиясы қараған кезге дейін белгілі мінез-құлық дәрежесі белгіленбеген деп танылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану негізінде сотталған басқа түрдегі мекемеге ауысқан жағдайда сотталғанда мекемеге келгеннен кейін алдыңғы қауіпсіздік түріндегі мекемеде белгіленген жазаны өтеу жағдайлары мен мінез-құлық дәрежесі сақталады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.06.2022 № 481 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Мінездеме мен мінез-құлық дәрежесін бағалау сотталғанның жеке ісіне тігіледі және сотталғанның назарына қол қою арқылы жеткізіледі.

29. ЖТК жұмысының нәтижелері жылына кемінде бір рет мекеме қызметкерлерінің жалпы жиналысында қаралады.

30. Белгілі жағдайларда жазаның белгіленген мерзімін өтегеннен кейін жасақ бастығы сотталғанды мекеме комиссиясына ұсыну үшін мынадай материалдарды:

1) жеке ісі жөніндегі анықтама;

2) мекеме бастығы немесе оны алмастыратын адам белгілеген сотталғанның мінез-құлық дәрежесіне бағаны көрсете отырып, ЖТК отырысының хаттамасынан үзіндіні (бұдан әрі - үзінді);

3) ЖТЖ күнделігін дайындайды.

31. Мекеме комиссиясының басқа жағдайға ауыстыру туралы шешіміне хаттама жасалады, үзінді жеке іске қоса тігіледі, ал ҚАЖ ОАДҚ-ға тиісті жазба жазылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Жасақтарда сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуге психолог тартылады, ол:

1) сотталғанның жеке басын зерделеуді жүргізеді;

2) сотталғандар арасында жеке тұлғалық қарым-қатынасты анықтайды;

3) жеке тұлғалық және топаралық жанжалдың, кикілжің жағдайлардың туындау себептері мен салдарын зерделейді;

4) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзудың алдын-алу бойынша ұсыным әзірлейді және мінез-құлық тактикасы мәселесі бойынша мекеме басшылығымен және қызметкерлермен консультациялық жұмыс жүргізеді;

5) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғанға психодиагностикалық тексеріс жүргізу өтінімдері бойынша сотталғандарға жеке тұлғасының жеке мінез ерекшеліктеріне зерделеу жүргізеді.

## 5-тарау. Жазаны өтеудің дағдылы, жеңілдетілген, қатаң және жеңілдікті жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктері

33. Жазаны өтеудің дағдылы жағдайында тәрбие жұмысы сотталғандардың мекемеде жаза өтеу жағдайларына бейімделуіне бағытталған.

34. Жазаны өтеудің дағдылы жағдайында сотталғандарға олардың құқықтары мен міндеттері, еңбек және демалыс шарттары түсіндіріледі, сондай-ақ жазаның орындалуын реттейтін заңнамалық актілерге қол жетімділік қамтамасыз етіледі. Сотталғанның жеке басы жан-жақты зерделенеді және тәрбиелік ықпал етуді жағымды қабылдауға және қоршаған ортаның жағымсыз ықпалын теріске шығаруға психологиялық дайындық дәрежесі анықталады.

35. Жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайында сотталғандардың бейімделу процесі аяқталады және дағдылы жағдайларда қалыптасқан оң дағдыларды дамыту және бекіту жалғасады.

36. Жеңілдетілген жағдайларда сотталғандармен тәрбие жұмысы мынадай:

1) мекеменің қоғамдық қызметіне ену;

2) жағымды қабілеттері мен құлшыныстарын көрсету үшін жағдай жасау;

3) өзін-өзі тәрбиелеуге ниеттеу;

4) білім, мамандық алудағы пайдалы бастамаларды ынталандыру;

5) әлеуметтік-маңызды байланысты нығайту;

6) өз кінәсін түсіну және құқықты мойындайтын мінез-құлыққа талпыну жолдарымен жүзеге асырылады.

37. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларында сотталғанның заңсыз әрекеттерінің себептері зерделенеді және жойылады, сондай-ақ тәрбиелік ықпал етудің дұрыс түсінігі , оның өз кінәсін мойындауы қалыптастырылады.

38. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларында:

1) сотталғанды қасақана тәртіп бұзушы деп тануға себеп болған салдар мен жағдайларды жан-жақты талдау;

2) психо-педагогикалық ықпал етудің ұтымды нысандарын, құралдары мен себептерін іздестіру және тәжірибеге енгізу;

3) сотталғанға онымен тәрбие жұмысын жүргізуге оң қатынасын қалыптастыру, мекеменің қоғамдық қызметіне одан әрі қатысуға алғышарттар жасау болып табылады.

39. Сотталған қатаң ұстау жағдайындағы жасаққа келген соң жасақ бастығы оның жеке ісін, ЖТЖ күнделігін психологтың ұсынымын мұқият зерделейді.

40. Жасақ бастығы сотталғанның жеке басын зерттеу мақсатында жеке-тәрбиелік әңгімелер жүргізеді, сотталғанның одан әрі жазаны өтеу ниетін анықтайды және алынған мәліметтерді ЖТЖ күнделігіне жазады.

41. Жазаны өтеудің жеңілдікті жағдайларында сотталғанға әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсетіледі және оның бостандықтағы өмірге дайындық дәрежесі тексеріледі.

42. Жеңілдікті жағдайларда тәрбие жұмысы сотталғанның түзелу нәтижелерін, өзін-өзі тәрбиелеу, өз мінез-құлқын өз бетінше реттеу қабілетін, бостандықтағы өмірге психологиялық даярлық нәтижелерін бекітеді.

Босатылғаннан кейін жұмысқа орналастыру мүмкіндігі және әлеуметтік-маңызды байланыстарды орнықтыруға шаралар қабылданады.

Жазаны өтеудің қатаң жағдайына ауыстырылған сотталғандарды қоспағанда, жазаны өтеудің дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларындағы сотталғандарды бір жасақта ұстауға рұқсат етіледі.

## 6-тарау. Сотталғандарды босатылуға дайындау кезінде олармен тәрбие жұмысын жүргізу

43. Мекеме әкімшілігі сотталғанның түзелуі мақсатында оның қоғамның толық құқылы мүшесі әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруіне, тәртіптің жалпыға бірдей қабылданған нормалары (қайта әлеуметтендіру) мен құқық нормалары негізінде қоғамда өз бетінше өмір сүруіне оралуына көмектеседі.

Жаза мерзімін өтеуіне бір жыл қалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан сотталғанға қатысты мекеме әкімшілігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында қайта әлеуметтендіруді жүзеге асырады.

Мекеме әкімшілігі бұл ретте сотталған адамға босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделу үшін қажет "Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 482 бұйрығымен (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32806 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 482 бұйрық) бекітілген нысан бойынша әлеуметтік-құқықтық көмектің жеке бағдарламасын жасайды, ол сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

Мекеменің орналасуы бойынша мекеме әкімшілігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын іске асырады, ол сотталған босатылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде сотталғанның баратын жері бойынша жергілікті атқарушы органдарға жолданады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.05.2022 № 392 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2024 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

44. Жазасын өтеп жатқан адамдарды босатуға дайындау мекемеге келген алғашқы күнінен басталады. Сотталғандарды босатуға дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру сотталғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі қызметкерге жүктеледі. Босатуға дайындау сабақтарын өткізуге мекеменің барлық қызметкерлері қатыстырылады.

45. Сотталғандарды босатуға дайындау бойынша сабақтар сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің бастығы әзірлеген және мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекіткен бағдарлама бойынша өткізіледі.

46. Бағдарламада құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері, босатылатындарға төлқұжаттар (жеке куәлік) беру тәртібімен таныстыру және тұрақты мекенжайы бойынша тіркелу, соттылығын алу және есептен шығару шарттары бар тұрмыстық, жұмысқа орналастыру, әкімшілік бақылау және сотталғанның босатылғаннан кейінгі өмірін жайғастыруға байланысты басқа да бірқатар мәселелер қамтылған.

47. Бағдарлама сотталғанның босатылуға психологиялық дайындығын көздейді.

48. Психолог:

1) сотталғандарды жазаны өтеу орындарынан босатылуға және жаңа жағдайларда одан әрі өмір сүруге арнайы психологиялық дайындық жүргізеді, өз мінез-құлқын жеке реттеуіне көмек көрсетеді;

2) ерекше қиындықтар туралы әңгімелесулер жүргізеді, босатылу болашағымен, еңбек және тұрмыстық орналасу белгісіздігімен, туысқандармен, достармен, көршілермен, қылмыстық іс бойынша жәбірленушілермен, олардың туысқандарымен және т.б. қарым-қатынастағы проблеманың болуымен негізделген алаңдаушылық деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар өткізеді;

3) сотталғандардың ой-өрісін, олардың сезімін, әдеттерін, жаңа жағдайларда тиісті мінез-құлықты қалыптастыруда психологиялық жағдайдың икемін белсендетуге көмектеседі;

4) сотталғандарға кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша психологиялық көмек көрсетеді.

49. Босатылғанға дейін бір жылдан кешіктірмей, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір сотталған мекеме бастығының атына өтінім жазады, онда ол болжамды баратын мекенжайы, жұмыс орыны, тұрмыстық және жұмысқа орналасу бойынша оған қандай көмек керектігін көрсетеді.

50. Мекеме әкімшілігі бас бостандығынан айыру мерзімі аяқталғанға дейін бір жылдан кешіктірмей сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша облыстың , республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарын, ішкі істер органдарын және мекеменің орналасуы бойынша, сондай-ақ оның алдағы уақытта босатылатыны, оның тұрғын үйінің бар-жоғы, оның еңбекке қабілеттілігі және алған мамандықтары туралы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабардар етеді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.05.2022 № 392 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Тұрмыстық және жұмысқа орналасу көмегіне мұқтаж барлық сотталғандар осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрмыстық және жұмысқа орналасуға мұқтаж барлық сотталғандарды есепке алу журналында ескеріледі.

51-1. Егер мекеме әкімшілігі сотталған адамның жеке баспанаға немесе туыстарымен тұруға мүмкіндігі болмау фактілерін анықтаған жағдайда, мекеме әкімшілігі бас бостандығынан айыру мерзімі өткенге дейін екі айдан кешіктірмей сотталған адам босатылғаннан кейін кететін елді мекенде арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығында уақытша тұру үшін орынды алдын ала дайындау мақсатында жергілікті атқарушы органдарға босату туралы хабарламаны, сондай-ақ № 482 бұйрыққа сәйкес жеке бағдарламаны, денсаулық жағдайы туралы анықтаманы (флюорография, АИТВ) қайта жібереді.

Жергілікті атқарушы органдар хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей мекеме әкімшілігін тұрғын үй беру мүмкіндігі не оның жоқтығы туралы хабарлайды.

Ескерту. Қағидалар 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2024 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51-2. Сотталған адамды таңдаған кету орны бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу

орталығында орналастыру мүмкіндігі болмаған кезде, мекеме әкімшілігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп бес жұмыс күнінен кешіктірмей, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету шеңберінде сотталған адамға "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32941 болып тіркелген) сәйкес ( бұдан әрі - № 263 бұйрық) босатылғаннан кейін уақытша тұру үшін жақын маңдағы басқа елді мекенді таңдауды ұсынады.

Мекеме әкімшілігі сотталған адам таңдаған өңірдің жергілікті атқарушы органына оны тұрғылықты жері бойынша қабылдау мүмкіндігінің жоқтығы туралы жергілікті атқарушы органдардың жауабы мен № 263 бұйрыққа сәйкес нысан бойынша сотталған адамның өтінішін қоса тіркей отырып, осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хат жолдайды.

Ескерту. Қағидалар 51-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2024 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51-3. Сотталған адам босатылғаннан кейін жұмысқа орналасуға қажеттілігіне көмек сұраған кезде мекеме әкімшілігі оны жұмысқа орналастыру қажеттілігі туралы хабарламаны дереу білім деңгейін және дағдыларының бар-жоғын көрсете отырып жергілікті атқарушы органдарға (босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына) жібереді. Басқа жағдайларда жұмысқа орналасуға мұқтаж сотталған адамдарға хабарлама сотталған адамның жаза мерзімі өткенге дейін екі айдан кешіктірмей жергілікті атқарушы органдарға (босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына) жіберіледі.

Жергілікті атқарушы органдар (босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына) хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей мекеме әкімшілігін жұмысқа орналасуға мүмкіндік беру немесе ондай мүмкіндіктің болмауы туралы хабардар етеді.

Ескерту. Қағидалар 51-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2024 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Жаза мерзімін өтеп болғаннан кейін адамның бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуына күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей, ал өзге де негіздер бойынша босатылған кезде босатылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде олардың таңдаған тұрғылықты жері бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ішкі істер органдарына және пробация қызметтеріне осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мекемеден босатылатын (босатылған) адам туралы хабарлама жіберіледі.

Бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігі бас бостандығынын шектеу түріндегі жазамен ауыстырылған сотталған адамға мекеме әкімшілігі оны есепке қою үшін ішкі істер органына және пробация қызметіне жету маршруты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына баруы туралы ұйғарым береді, сондай-ақ пробация қызметіне оған мінездеме беретін материалдар жібереді.

Мекеме әкімшілігі сотталған адамды босату кезінде Қылмыстық-атқару кодексінің 168-бабының талаптарына сәйкес оның жергілікті атқарушы органдарға жүгіну құқығын түсіндіру бойынша, атап айтқанда, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысының талаптарына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу бойынша жұмыстар жүргізеді.

Адамдарды бас бостандығынан айыру орындарынан босату кезінде мекеме әкімшілігі бағыты және ішкі істер органына және пробация қызметіне келу уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына бару туралы ұйғарым береді, сондай-ақ Пробация қызметіне оны сипаттайтын материалдарды жібереді.

Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2024 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Сотталғандарды бостандыққа дайындау бойынша жұмыстардың нәтижелері ҚАЖ ОАДҚ-да көрсетіледі, материалдар сотталғанның жеке ісіне тіркеледі.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстырудың немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың формальді мерзімі келген сотталғандарға қатысты (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72 және 73-баптарын қолдану тәртібінде) мекеме әкімшілігі сотталған таңдаған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметінен сотталғанның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны мен оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның , жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді дер кезінде (екі айдан кем емес) сұратады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**7-тарау. Жасақ бастығының, психологтың құжаттамасы**

54. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде жасақ бастығы мынадай құжаттаманы:

1) жасақ бастығының журналын, онда: жасақтағы сотталғандардың тізімдік құрамы; сотталғандарды көтермелеу және жазалауды есепке алу; тәртіптік практиканы талдау; жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзуға бейім адамдардың және профилактикалық

есепте тұрған сотталғандардың тізімі; осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасақта тәрбие жұмыстарының тоқсанға арналған кешендік жоспарлары көрсетіледі;

2) ЖТЖ күнделігін;

3) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандардың жасақта өткізілетін сабақтар мен іс-шараларға қатысуын есепке алу журналын;

4) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жасақ тәрбиешілері кеңесі (Оқу тәрбиешілер кеңесі) хаттамалары журналын.

55. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде психологиялық көмек көрсету бөлігінде психолог мынадай құжаттаманы:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша психологиялық картаны;

2) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандардың туысқандарына арналған кеңес беру журналын;

Қажет болған жағдайда журналдардағы бағандар саны көбейтілуі мүмкін.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**8-тарау. Мекемедегі сотталғандардың ерікті ұйымдары**

56. Сотталғандардың ерікті ұйымдары өз жұмысында Қазақстан Республикасы ҚАК 126-бабын, сондай-ақ осы Қағидаларды басшылыққа алады.

57. Сотталғандардың ерікті ұйымдарының негізгі міндеттері – сотталғандар арасында салауатты қарым-қатынасты қалыптастыру, қоғам үшін пайдалы бастамаларды көтермелеу және сотталғандардың түзелуіне әсер ету, еңбегін, тұрмысын және бос уақытын ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысу болып табылады.

58. Сотталғандардың ерікті ұйымдары мынадай сипаттағы секциялардан тұрады: бос уақыт және өзі-өзін тәрбиелеу; қолданбалы өнер және шығармашылық көркемөнерпаздар; өндірістік, санитариялық-гигиеналық және сотталғандардың өзгеде бағыттағы мүдделері.

Сондай-ақ, мекемелерде өзін жақсы жағынан көрсеткен сотталғандардың арасынан мекемелердің ұжымдары кеңесі (бұдан әрі – МҰК) және жасақтардың ұжымдары кеңесі (бұдан әрі – ЖҰК) құрылады. Осы секцияларда тұрған сотталғандардың шешімімен секциялардың жетекшілері сайланады.

Секциялардың жетекшілері не сотталғандардың ерікті ұйымдарының өзге де мүшелері басқа сотталғандарға тапсырма бере алмайды, өз қызметін тек өз еркімен ынта білдіру және мекеменің тыныс-тіршілігін ұйымдастырудағы мәселелерде ұжымдық шешім қабылдау негізінде жүзеге асырады.

Мекеме, жасақ ұжымының кеңесі өз қызметін мекеме қызметтерінің тоқсандық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Секциялардың жетекшілерінің қатысуымен ЖТК отырыстарында СЕҰ жоспарларын іске асыру мәселелері талқыланады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Бос уақыт және өзі-өзін тәрбиелеу секциясы (бұдан әрі – БУжӨТС) сотталғандардың бос уақытын ұйымдастыруға, спорттық, мәдени-бұқаралық, үйірме, ағартушылық және басқа да іс-шараларды өткізуге қатысады.

60. Қолданбалы өнер және шығармашылық көркемөнер секциясы (бұдан әрі - ҚӨШКС) картиналар, нардылар, шахматтар, қобдишалар, домбыралар, кесте тігу, тоқу, басу, күйдіру, өру заттарын жасауды жүзеге асырады және сотталғандардың көркем-өнер шеберлігін іске асыруға, дағдыларын арттыруға және қалыптастыруға бағытталған.

ҚӨШКС үй-жайы мекеме клубында не мекеменің осы мақсаттарға арналған өзге ғимаратында жабдықталады.

ҚӨШКС-да тұратын сотталғандар олардың қалауы бойынша мекеме не өзге ұйымдар өткізетін көрмелерге, концерттерге және өзге мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысады.

ҚӨШКС-да тұратын сотталғандарға олардың қалауы бойынша өздері жасаған қолданбалы өнер бұйымдарын білім беру, мәдениет, әлеуметтік, медициналық қызмет ету саласында қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ жақын туыстарына мекеме бастығының не оның міндетін атқаратын адамның атына еркін нысандағы өтінім бойынша өтеусіз тапсыруға рұқсат етіледі.

Жақын туыстарына кездесу кезінде бұйымдарды беру туралы өтінімге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 12 сәуірдегі №63 қпбү бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне бару қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша материалдық рұқсаттама беріледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15120 болып тіркелген).

Бұйымдарды ұйымдарға беруді мекеме әкімшілігі одан әрі сотталғанның жеке ісіне қосумен қабылдау тапсыру актісі бойынша жүзеге асырады.

ҚӨШКС-та тұратын сотталғандар бұйымдарды жасауға арналған материалдар және құралдарды мекеме дүкендерінен немесе электрондық сауда алаңдарынан сатып алады немесе тізбесімен саны мекеме комиссиясымен бекітілетін сауқаттар мен сәлемдемелер арқылы алады."

Сотталғандардың жеке еңбек қызметін ұйымдастыруы және ҚӨШКС шеңберінде қолөнер бұйымдарын сату ҚАК-тің 119-бабына сәйкес мекеме әкімшілігі, тапсырыс беруші және сотталған арасындағы келісімшартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Өндірістік секция (бұдан әрі - ӨС):

1) сотталғандарды еңбек етуге, орындалатын жұмыстардың және шығарылатын өнімдердің сапасын арттыруға қатыстырады, әкімшілікке сотталғандарды еңбекте пайдалану туралы ұсыныс енгізеді;

2) мекеме қызметкерлерімен бірлесіп, техникалық қауіпсіздікті сақтау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) озық тәжірибелерді, өнертапқыштық және жаңашылдықты таратуға жәрдемдеседі.

62. Санитариялық-гигиеналық секция (бұдан әрі - СГС):

1) сотталғандардың жеке гигиена және өндірістік санитарияны сақтауына себепші болады;

2) жасақтардың тұрғын, коммуналдық-тұрмыстық үй-жайларының және мекеме аумағының санитариялық жағдайын жақсарту бойынша мекемеде орналасқан медициналық ұйымның медицина қызметкерлерімен бірлесіп ұсыныстар енгізеді;

3) санитариялық бюллетеньдер, қабырға газеттерін шығарады және радио бағдарламаларын жүргізеді.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.05.2022 № 392 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

63. Сотталғандардың ерікті құрылымдарының жұмысы өз еріктері бойынша жүзеге асырылады, СЕҰ мүшелері қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтарды пайдаланбайды және мекеме әкімшілігінің өкілеттіктеріне ие бола алмайды.

64. Сотталғандардың ерікті ұйымдарының отырысы кем дегенде тоқсанына бір рет өткізіліп, хаттамамен ресімделеді. Талқыланатын мәселелердің сипатына қарамастан отырысқа мекеме әкімшілігінің өкілі қатысады.

65. Жасақ бастығы ерікті нысандағы тиісті журналда СЕҰ кіру және шығу күнін көрсете отырып, оларға жұмылдырылған сотталғандардың тізімімен СЕҰ түрлерін есепке алуды жүзеге асырады, ол нөмірленеді және мекеме кеңсесінде тіркеледі.

Сотталған СЕҰ-ге кіруі не одан шығуы үшін мекеме бастығының атына еркін нысанда өтінім береді, ол мекеме бастығының бұрыштамасымен сотталғанның жеке ісіне тіркеледі.

Жазаның өтеу режимін бұзған жағдайда МҰК не ЖҰК отырысында сотталғанды СЕҰ-дан шығару туралы мәселені қарастырады, осы мәселе бойынша шешім дауыс беру арқылы шешіледі, МҰК не ЖҰК отырыс хаттамасынан үзінде сотталғанның жеке ісіне тіркеледі.

Сотталғанның СЕҰ-ге қайта кіруі МҰК не ЖҰК отырысында ерікті ұйым мүшелігінен шығарылғаннан бастап алты ай өткеннен кейін емес қарастырылады.

## 9-тарау. Кәмелетке толмаған сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктері

66. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған мекемедегі тәрбие жұмысы бірыңғай оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және сотталғандарды түзеу мақсатында оларға жоспарлы және мақсатты ықпал етумен айқындалады.

Кәмелетке толмаған сотталғандармен тәрбие жұмысы кәмелетке толмаған сотталғандарға ықпал етудің психологиялық-педагогикалық әдістердің озық тәжірибелерін қолдану арқылы жеткіншектердің ерекшелік жасына тән, психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, дифференциалды түрде жүргізіледі.

67. Мекемеде сотталғандар ұжымының құрылымдық бөлінісінің негізі психологиялық біртұтас қағидаты бойынша қалыптасқан жиырма-отыз адамнан тұратын бөлімше болып табылады. Жасақ жазаны өтеу жағдайларының түрлері бойынша бірнеше бөлімшені біріктіреді. Бөлімшені тәрбиеші, жасақты жасақ бастығы немесе аға тәрбиеші басқарады.

68. Сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету тиімділігін арттыру және оны жасақтарда жүзеге асыруда мекеме әкімшілігіне көмек көрсету мақсатында сотталғандардың ата-аналарынан және басқа да жақын туыстарынан ата-аналар комитеті құрылады.

69. Барлық қызметтердің сотталғандарды тәрбиелеу, оқыту және еңбек етуін ұйымдастыру мәселелерін қарау үшін мекемеде оқу-тәрбие кеңесі (бұдан әрі – ОТК) құрылады.

ОТК төрағасы мекеме бастығы, хатшысы арнайы есепке алу бөлімінің (бөлімше, топ) бастығы болып табылады. ОТК құрамына мекеме бастығының орынбасарлары, қызмет бастықтары, жалпы және кәсіби білім беретін мектеп директорлары, жасақ бастықтары (аға тәрбиешілер), цехтардың бастықтары, аға шеберлер, әдіскер, психолог, дене шынықтыру - спорт жұмыстары бойынша нұсқаушы, тұрмыстық және жұмысқа орналастыру бойынша инспектор, ата-аналар комитетінің және Қамқорлық кенесінің төрағалары кіреді.

ОТК құрамы мекеме бастығының бұйрығымен бір жылға жарияланады.

70. ОТК мынадай мәселелер бойынша:

1) тәрбие жұмыстарының кешенді жоспарын және оның келесі тоқсанға арналған жобасын орындау;

2) жедел жағдайды, тәртіп жағдайын;

3) сотталғандардың ерікті ұйымдарының қызметін;

4) тәрбие жұмыстарына режим, сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру қызметтерінің және жұртшылықтың қатысуын;

5) сотталғандарға мектеп және кәсіби білім беруді ұйымдастыруды;

6) шаруашылық және коммуналдық қамтамасыз ету, түзеу мекемесінің тұрғын, спорттық және оқу объектілерін абаттандыру;

7) босатылған адамдарды тұрмыстық және еңбекке орналастыру бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

8) сотталғандарды, оның ішінде кәмелетке толған сотталғандарды ШТМББ, НЖЖА, кешірім жасау, жазаны өтеудің басқа жағдайына ауыстыру және мекеме түрін өзгерту туралы қолдаухатқа сипаттайтын материалдарды (оның жеке басын, жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын, еңбекке және оқуға көзқарасын сипаттайтын деректер) дайындауды.

ОТК мүшелері сотталғандармен тәрбиелік сұхбаттарды ЖТЖ күнделігіне жазба ретінде енгізеді.

71. ОТК отырысы кемінде айына бір рет өткізіледі. Шешімдер отырыста комиссия мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан кезде көпшіліктің дауыс дауыс беруімен қабылданады және мекеме қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті.

## 10-тарау. Өмір бойына бас бостандығынан сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктері

72. Өмір бойына бас бостандығынан айырылуға (бұдан әрі – ӨББА) сотталған адамдармен жұмысты ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық іс-шаралардың бағыты олардың мекеме әкімшілігінің өкілдеріне, басқа да сотталғандарға және өздеріне қатысты агрессияны ескерту және алдын алумен, өз кінәсін түсінуге, өзіндік рухани және адамгершілік мәселелеріне көз жеткізуімен байланысты.

73. ӨББА-ға сотталғандар мекемеге келгеннен кейін карантин бөлімшелерінің камераларына бір адамнан орналасады.

74. Сотталғандарға карантин бөлімшесінде болған кезеңінде әр сотталғанның жеке психологиялық ерекшеліктерін белгілеу және оларды одан әрі ұстау үшін ұсыныстар дайындауға психологтың жеке бақылауы белгіленеді.

75. ӨББА-ға сотталғандармен тәрбие жұмысы жеке нысанда жүргізіледі. Мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар өткізілмейді. Спорттық жабдықтарды және құрал-саймандарды пайдаланбай жеке дене-шынықтыру жаттығулары өткізіледі.

76. ӨББА-ға сотталғандарға жазасын өтеу жағдайлары мен тәртібіне қайшы келмейтін, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алу үшін жағдайлар жасалады.

77. Әлеуметтік-құқықтық тәрбие дәріс түрінде жергілікті радио-ретрансляциялық байланыс арқылы жүргізіледі.

78. Әрбір ӨББА-ға сотталғанға жасақ бастығы жаза өтеудің бір жылдық жоспарын жасайды. Жоспар мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, психологпен, психиатрмен келісіліп, мекеме бастығы бекітеді.

79. Жоспарда тәрбие жұмысының барлық бағыттары, сондай-ақ қосымша:

1) білім алу;

2) отбасылық байланысты ұстану;

3) діни рәсімдерді жүзеге асыру;

4) әдеби қызметтің жеке бағдарламалары көрсетіледі.

## 11-тарау. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуге психологтардың қатысуы

80. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуге психолог тартылады, ол әрбір сотталғанның жеке-психологиялық ерекшеліктерінің диагностикасын жүргізеді және сотталғандарға оқшаулау жағдайларына, әлеуметтік орта мен ұстау режиміне бейімделуіне, жекетұлғааралық қарым-қатынасты оңтайландыруға, сондай-ақ босатылуға дайындалуға психологиялық көмек көрсетеді.

Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезіндегі психологтардың негізгі міндеттері:

1) сотталғандардың жеке тұлғасының жеке-психологиялық ерекшеліктерінің психодиагностикасы, олардың жеке және топтық мінез-құлқын зерделеу және түзеу, сотталғандар ортасында әлеуметтік-психологиялық процестерді зерттеу, бас бостандығынан айыру орындарында жағымсыз жағдайларды болжау және ескерту;

2) сотталғандарға оқшаулау жағдайларына, әлеуметтік ортаға, ұстау режиміне бейімделуде, дағдарыс және күйзеліс жағдайларын жеңуде, жеке тұлғалық қарым-қатынасты оңтайландыруда, босатуға дайындау және қайта әлеуметтендіруде психологиялық көмек көрсету болып табылады.

81. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде психологтардың негізгі функциялары:

1) сотталғандардың жеке басын зерделеуге, жазаны өтейтін адамның психикалық іс-әрекетінің заңдылығын зерттеуге бағытталған диагностикалық функция;

2) сотталғандарға жеке психологиялық проблемаларын шешуде психологиялық, сондай-ақ психологиялық факторларды ескере отырып, мекеме қызметкерлеріне қызметтік міндеттерді шешуде кеңестік көмек көрсетуге бағытталған консультациялық функция;

3) сотталғандардың жеке тұлғасының әлеуметтік-психологиялық белгілерін және құндылық бағыттарын мақсатты түрде өзгертуден, оның қылмыстық көзқарасын / стереотипін/ бұзуға бағытталған психокотүзетулік функция;

4) мінез-құлықты болжау, сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен негізделген жеке тұлғалық жанжалдарды, психоэмоционалдық бұзылуларды, невротикалық күйзелістерді уақытылы ескертуіне бағытталған болжамдық және психопрофилактикалық функция;

5) сотталғандар арасында қажетті психологиялық білімді тарату және олардың психологқа деген сенімін және оның қызметіне жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру, қызметкерлердің психологиялық мәдениеті мен құзыреттілік деңгейін арттыруына бағытталған ағартушылық функция;

6) ғылыми-зерттеу мекемелеріне пенитанциарлық психология саласында зерттеулер мен тәжірибелер жүргізуге жәрдемдесу, бас бостандығынан айыру орындарында түрлі

әлеуметтік-психологиялық құбылыстар мен процестерді зерделеуге бағытталған зерттеушілік функция.

82. Сотталғандармен тәрбие жұмысында психологиялық-педагогикалық әдістерді тиімді қолдану мақсатында, мекеме психологтары:

1) мекеменің лауазымды адамдарынан кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін сотталғандардың мінез-құлқын сипаттайтын қажетті ақпаратты алады және сұратады;

2) сотталғандармен психодиагностикалық жұмыстар негізінде ұсынылған ұсынымның орындалу барысын бақылайды;

3) қызметкерлерді, лауазымды және өзге де адамдарды таныстыруға арналған өз жұмысының нәтижесінде алынған ақпараттың сипатын, мазмұнын, оның көлемін дербес анықтайды;

4) диагностикалық тексеру нәтижесінде немесе өзге де тәсілмен алынған келеңсіз психологиялық ақпаратты көмек сұрап келген адамнан құпия сақтайды (егер ол қылмыс жасаумен немесе қылмыс жасауға дайындықпен байланысты болмаса), сондай-ақ тұлғаның психикалық жай-күйіне теріс әсерін тигізуі мүмкін болған жағдайда берілген ақпаратты түзетеді;

5) сотталғандарға олардың тарапынан мекеме психологтарының, қызметкерлерінің қызметіне жағымсыз қарым-қатынастың болуы жағдайларында, мекеменің қалыпты жұмыс істеуіне немесе әлеуметтік жағдайды шиеленісуге әкеп соқтыратын психологиялық рәсімді өткізуде негізгі мақсатын көрсетпейді;

6) мекеме басшылығының келісімі бойынша ерекше біріздiлікті талап ететін консультативтік, әдістемелік, практикалық жұмыстар мен іс-шараларды өткізу үшін штатта тұрмаған мамандарды тартады;

7) мекеме бастығына ұсынымдар енгізуге, психологтарды материалдық-техникалық жарақтандыру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен өтінімдер береді;

8) өзінің кәсіптік мәртебесіне нұқсан келтіретін немесе одан көмек сұраған адамға зиян келтіруі мүмкін іс-шараларды өткізуге және іс-әрекетті жүзеге асырудан бас тартады.

83. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде мекеме психологтары:

1) кәсіби құпияны қатаң сақтайды: нұсқаулық материалдарын бермейді, психологиялық әдістердің негіздерін, психодиагностикалық немесе психотүзетулік практиканы жүргізуге уәкілетті емес адамдарға сол немесе өзге де психологиялық әдістемелерді жария етпейді;

2) практикалық іс-әрекетте тек кәсіби құзыретті жұмыстың нысандарын және әдістерін қолданады;

3) өз жұмысында жеткілікті түрде қазіргі заманғы психологиялық ғылым шеңберіндегі сынақтан өткен және адамның психологиялық физиологиялық денсаулығына қауіпсіз болып табылатын диагностика әдістемесін пайдаланады. Ықпал

етудің қолданылатын әдіс-тәсілдері тексерілушінің өмір сүру жағдайын, мінез-құлқын, олардың әлеуметтік демографиялық және криминалистік сипаттамасын ескеруі тиіс;

4) психодиагностикалық және психотүзеу әдістерін іріктеу кезінде субъективті көзқарастар мен ғылыми қызығушылықтарды басшылыққа алмай, алынған деректердің сенімділігі мен ықпал ету тиімділігі, сондай-ақ нақты адамның жеке тұлғасын ескеру тұрғысынан қарау керектігін негізге алады;

5) алынған жасырын ақпаратты бөгде адамдарға таратпайды (жазбаша, аудиовизуалдық және магнитті тасымалдағыштарға жазылған психологиялық материалдарды, сондай-ақ арнайы әдістемелік әдебиеттерді жабылатын сейфтерде сақтайды, сақтау үшін тиісті жағдайлар болмаған кезде – алынған мәліметтерді шифрлайды, жұмыста компьютерлік техниканы пайдаланған жағдайда – қатты дискіге салынған ақпаратқа психологтың қол жетімді кодын белгілейді);

6) мекеме қызметкерлерінен сотталғандардың психодиагностикалық тексерулері туралы келіп түскен өтінімдерді орындау кезінде тапсырыс берушілерге берілетін психологиялық ақпараттың қасақана немесе кездейсоқ таралуының мүмкін болатын салдары туралы түсінік береді, оларды өз қызметінің этикалық қағидаттарымен таныстырады.

## 12-тарау. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандарға күтім жасау үшін сотталғандардың кандидатураларын келісу және олардың қызметін бақылау

Ескерту. 12-тараумен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2023 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған егер оған күтім жасау қажет болған жағдайда осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мекеме бастығының атына оған күтімді жасау үшін сотталғандар қатарынан кандидатураны келісуге өтінім жазады.

85. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандарға күтім жасайтын адамдар ретінде :

- оң мінез-құлық дәрежесі бар;
- жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайларында ұсталатын;
- бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандарға күтім жасауды жүзеге асыру үшін Әлеуметтік кодекстің 172-бабы 3-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ;
- бірінші топтағы мүгедектігі бар адаммен мекеменің бір жасағында тұратын сотталғандар тартылады.

86. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамға күтім жасайтын адам ретінде сотталған адамның кандидатурасы мекеме бастығымен бекітілген комиссияның

отырысында жазбаша өтінім түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде айқындалады .

Жасақ бастығы мекеме комиссиясының отырысы басталғанға дейін кандидаттарға қатысты мінездеме, көтермелеу және жазалау туралы анықтама дайындайды, сондай-ақ мынадай материалдарды:

- психологиялық мінездемені;
- мекеме аумағында орналасқан медициналық ұйымнан денсаулық жағдайы туралы анықтаманы жинайды;

Мекеме комиссиясы мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, мекеме бастығы түпкілікті шешім қабылдайды.

87. Күтімді жасайтын адам ретінде кандидатура айқындалғаннан кейін бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адам Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 172-бабы 4-тармағының төртінші абзацына сәйкес уәкілетті орган бекіткен мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттк жәрдемақыны бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдеамқыны тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) жазады, ол мекеме әкімшілігі қол қойылған күні "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) ұсынылады.

88. Мекемелерде сотталған адам бірінші топтағы мүгедектігі бар бір сотталған адамға ғана күтімді жүзеге асыра алады.

89. Бірінші топтағы мүгедектігі бар және/немесе оған күтім жасайтын сотталған мекемеден:

- стационарлық жағдайларда және пациенттің өміріне қауіп төнген кезде шұғыл жағдайларда жоспарлы мамандандырылған медициналық көмек алу үшін медициналық ұйымдарға;
- прокурор санкциялаған қылмыстық қудалау органдарының қаулысы негізінде тергеу амалдарына қатысу үшін тергеу изоляторына

шығарылған кезде мекеме әкімшілігі жоғарыда аталған адамдардың бірі мекемеден шыққан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес мекемеге келгенге дейін күтімді жасайтын адамға жәрдемақыны тоқтата тұру туралы ақпараттық жүйе арқылы немесе қағаз жүзінде Мемлекеттік корпорацияны хабардар етеді.

Күтімді жасайтын сотталған адам кеткен кезеңде мекеме әкімшілігі бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамға күтім жасауды ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдайды.

Жоғарыда аталған адамдар өздері шыққан мекемеге қайтып оралған кезде мекеме әкімшілігі осы Қағидаларға 27-қосымша сәйкес нысан бойынша бір жұмыс күн ішінде

ақпараттық жүйе арқылы немесе қағаз жүзінде Мемлекеттік корпорацияны мекемеге келгені туралы хабардар етеді.

90. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамның немесе оған күтім жасайтын сотталған адамның жазасын өтеу мерзімі өткен не өзге де негіздер бойынша босату кезінде мекеме әкімшілігі осы күн басталғанға дейін он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік корпорацияны ақпараттық жүйе арқылы немесе қағаз жүзінде хабардар етеді.

91. Күтімді жасайтын асыратын сотталған адамды ауыстыру мекеме әкімшілігінің келісімі бойынша бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамның өтініші негізінде, осы Қағидалардың 84, 85, 86 және 87-тармақтарына сәйкес оларды бастапқы іріктеу кезіндей тәртіпте жүзеге асырылады.

92. Мекеме әкімшілігі сапалы күтім жасауды жүзеге асыру мақсатында бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамға күтім жасайтын сотталған адамның қызметіне әңгімелесу, тексеру, бейнебақылау камераларының мониторингі арқылы бақылау жүргізеді.

Бас бостандығынан айыруға
сотталғандармен тәрбие
жұмысын жүргізу қағидаларына
1-қосымша
нысан

**Сотталғанның жеке тәрбие жұмысын жүргізу күнделігі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.05.2022 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тегі ___________________________________________________________

Аты ___________________________________________________________

Әкесінің аты (ол болған кезде) ________________________________________

| № | Мекемеге келген күні, жасақ | Жасақ нөмірі | Ауыстыру себептері |
|---|---|---|---|

1. Сотталған туралы жалпы мәліметтер (жеке іс материалдарын талдау, қамауға алынған
адам туралы тергеушінің анықтамасы, карантиндегі адамды зерделеу және т.б. негізінде
толтырылады)

1. Туған күні, айы, жылы, және туған жері ___________________________________

2. Ұлты ______________________________________________________________

3. Азаматтығы _______________________________________________________

4. Сотталғанға дейінгі тұрғылықты жері ____________________________________

5. Отбасы жағдайы ____________________________________________________

6. Сотталғанға дейінгі білімі ___________________________________________________
7. Сотталғанға дейінгі кәсібі (мамандығы) ______________________________________

_____________________________________________________________________________

8. Қашан, қандай сотпен Қылмыстық кодекстің қандай бабы бойынша және қанша мерзімге
сотталды _________________________________________________________
9. Қылмыстың қысқаша мазмұны және оған қатысы (егер материалдық шығын келтірілсе,
көлемі және т.б. көрсетілсін) _______________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

10. Жазалау мерзімінің басталуы _____________________________________________
11. Жазалау мерзімінің аяқталуы _____________________________________________
12. Жазаны өтеуден шартты түрде-мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін
жазалаудың жеңіл түріне ауыстыру және мекеме түрін өзгерту күні __________
13. Сотталғанды жазаны өтеудің бір жағдайынан басқасына ауыстыру күні __________

_____________________________________________________________________________

14. Соттылығы болғандығы туралы және босатылу негіздері туралы мәлімет _________

_____________________________________________________________________________

15. Денсаулық жағдайы және еңбекке жарамдылығы туралы медициналық қорытынды

_____________________________________________________________________________

(мекемеде орналасқан медициналық ұйымның бастығы толтырады)
16. Сотталған адамды сипаттайтын және онымен тәрбиелік-профилактикалық жұмысты жүргізуде ескерілуі тиіс өзге де жағдайлар (тергеу органының анықтамасы, сотталғанға дейінгі жұмыс орны берген мінездеме негізінде) ____________________________

_____________________________________________________________________________

17. Туысқандары туралы мәліметтер (аты-жөні, туысқандық дәрежесі, тұрғылықты мекен-
жайы және т.б.)

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

18. Сотталған адамның жеке психологиялық ерекшеліктері, жұмыс істеуіне ұсынымдар

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

(психолог толтырады)
19. Мекеменің карантин бөлімшесіндегі сотталғандармен сабақ жүргізудің кешенді үлгі жоспары

| № | Тақырып атауы | Сағат саны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1-күн | | | |
| 1. | Сотталғандардың құқықтары мен міндеттері. Күн тәртібі. Мекеменің Ішкі тәртіптеме қағидалары. Мекеменің қызметі туралы бейне ролик көру. | 2 сағат | Мекеме бастығы, орынбасарлары, карантин бөлімшесінің тәрбиешісі |
| 2. | Мекемеде жасалған қылмыстар үшін сотталғандардың жауапкершілігі | 1 сағат | Мекеме бастығының режим және жедел жұмыстар жөніндегі орынбасары |
| 3. | Сотталғандардың мінез-құлық қағидалары. Сотталғандардың өзара және мекеме әкімшілігімен қарым-қатынасы | 1 сағат | Мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары |
| 4. | Сотталғандармен психодиагностикалық жұмыс | 1 сағат | Психолог |
| 5. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 1 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 2-күн | | | |
| 1. | Сотталғандардың денсаулығын анықтау бойынша жұмыс | 1 сағат | Мекемеде орналасқан медициналық ұйымның бастығы, медицина қызметкерлері |
| 2. | Сотталғандармен психодиагностикалық жұмыс | 3 сағат | Психолог |
| 3. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 1 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 3-күн | | | |
| 1. | Жеке гигиена сақтаудың қажеттілігі, инфекциялық және жұқпалы аурулардың алдын алу | 1 сағат | Мекемеде орналасқан медициналық ұйымның медицина қызметкерлері |
| 2. | Бастапқы кәсіби оқыту және кәсіби дайындық | 2 сағат | Кәсіптік колледждің директоры |
| 3. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 2 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 4-күн | | | |
| 1. | Мекемеде сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру | 1 сағат | Мекеме бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары |
| 2. | Сотталғандарды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету. Мүлікті | 1 сағат | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бүлдіргені үшін жауапкершілік | | Тылдық қамтамасыз ету бөлімінің қызметкері |
| 3. | Сотталғандардың білім деңгейін анықтау. Сотталғандардың пәндер бойынша білімдерін анықтау | 3 сағат | Мектеп директоры, мұғалімдер |
| 4. | Кітапхананы пайдалану тәртібі | 1 сағат | Кітапханашы |
| 5. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 1 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 5-күн | | | |
| 1. | Сотталғандармен психодиагностикалық жұмыс | 5 сағат | Психолог |
| 2. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 3 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 6-күн | | | |
| 1. | Жазаны өтеу жағдайларын дифференциялау (саралау ) | 2 сағат | Сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы |
| 2. | Қылмыстық-атқару заңнамасының негізгі талаптары | 2 сағат | Мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары |
| 3. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 3 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 7-күн | | | |
| 1. | Шаруашылық күні. Карантин бөлімшесі үй-жайларын кешенді жинастыру | 4 сағат | Карантин бөлімшесінің тәрбиешісі, Мекеме қызметкерлері |
| 2. | Мәдени бағдарлама | 2 сағат | Клуб меңгерушісі |
| 3. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 2 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 8-күн | | | |
| 1. | Сотталғандарды жасақтарға комиссиялық бөлу | 5 сағат | Мекеме комиссиясы |
| 2. | Сотталғандармен жеке тәрбие жұмысы | 1 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 9-күн | | | |
| 1. | Жасақ бастықтарының өз жасақтарына бөлінген сотталғандармен танысуы | 5 сағат | Жасақ бастықтары |
| | | | Сотталғандар арасындағы тәрбие |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Сотталғандарға бірыңғай педагогикалық талаптар | 1 сағат | жұмысы бөлімінің бастығы |
| 3. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 2 сағат | ТМ қызметкерлері |
| 10-күн | | | |
| 1. | Ерікті ұйымдардың жұмысы | 4 сағат | Мекеме бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары |
| 2. | Хат жазу сағаты | 1 сағат | Карантин тәрбиешісі |
| 3. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 1 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 11-күн | | | |
| 1. | Клуб жұмысы. Көркем өнерпаздары | 1 сағат | Клуб меңгерушісі |
| 2. | Дене шынықтыру, спорт жұмыстары | 2 сағат | Карантин тәрбиешісі |
| 3. | Сотталғандардың кітапханаға жазылуы | 1 сағат | Кітапханашы |
| 4. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 2 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 12-күн | | | |
| 1. | Сотталғандармен психодиагностикалық жұмыс | 5 сағат | Психолог |
| 2 | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 3 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 13-күн | | | |
| 1. | Мекеменің түрін өзгерту және жазаны өтеуден босатылу | 2 сағат | Арнайы есепке алу бөлімінің бастығы |
| 2. | Босатылғаннан кейін тұрмыстық және еңбекке орналастыруды қажет ететін адамдарды анықтау | 1 сағат | Еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспектор |
| 3. | Сотталғандардың жалақысы, оны есептеу және ұстап қалу тәртібі | 2 сағат | Есепші |
| 4. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 3 сағат | Мекеме қызметкерлері |
| 14-күн | | | |
| 1. | Жеке тәрбие жұмысын жүргізу күнделіктерін толтыру. Сотталғандармен жұмыс жасау жоспарын әзірлеу | 5 сағат | Жасақ бастықтары, психолог, мұғалімдер |
| 2. | Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы | 3 сағат | Мекеме қызметкерлері |

| 15-күн | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Сотталғандарды мекемемен таныстыру, сотталғандарды жасақтарға шығару | | Жасақ бастықтары |

Ескертпе:

Жоспарға карантинде күн тәртібі аясында күнделікті өткізілетін дене-шынықтыру, бөлмелерді жинастыру, гигиеналық іс-шаралар және мәдени-бұқаралық жұмыстар (телехабарларды көру, әдебиет оқу, спорттық іс-шаралар өткізу және т.б.) сияқты тәрбиелік
сипаттағы іс-шаралар енгізілмеген.

Сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы әңгімелесу, жеке психологиялық көмек көрсету, кеңес беру және т.б. түрінде өткізіледі, олардың нәтижелері мекеменің жауапты
қызметкерімен, жұмысшысымен жеке-тәрбие әңгімелерін жүргізу жазбасына енгізіледі.

20. Көтермелеу шаралары

| Күні | Көтермелеу түрі | Көтермелеу себептері | Кім көтермеледі | Бұйрықтың, қаулының күні және № |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

21. Жазалау шаралары

| Күні | Жазалау түрі | Жіберілген жазаланулары | Кім жазалады | Бұйрықтың, қаулының күні және № | Өтелгені туралы белгі |
|---|---|---|---|---|---|

22. Берілетін демалыстарды есепке алу

| № | Демалыс күні | Күндер саны | Демалыс Түрі | Кеткен мекен-жайы | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|

23. ЖТК (ОТК), мекеме комиссиясының шешімдері және ұсынымдары ____________
____

_______________________________________________________________________________
___

_______________________________________________________________________________
___

_______________________________________________________________________________
___

24. Жеке-тәрбие әңгімелерін жүргізу жазбасы

| Күні | Қорытындылары бар әңгіменің жазбасы | Әңгімені кім өткізді | Ескертпе |
|---|---|---|---|

25. Босатылуға дайындау бойынша жұмыс нәтижелері ____________________________
____

_______________________________________________________________________________
___

__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

Ескертпе:

Күнделікті жүргізу бойынша нұсқаулар

1) күнделік жасақ бастығында сақталады, оған күнделікті жүргізу жауапкершілігі жүктеледі;

2) 18-тармақты карантин бөлімшесінің психологы толтырады;

3) сотталғандармен ЖТЖ күнделігіне, сондай-ақ мекеме бастығымен, оның орынбасарларымен және ЖТК (ОТК) мүшелерімен жүргізілген әңгімелер жазылады;

4) 24-тармақты сотталғандарды жеке сұрақтар бойынша қабылдау нәтижесі және жүргізілген жеке әңгімелесулер бойынша жасақ бастығы, сондай-ақ мекеменің карантин
бөлімшесіндегі сотталғандармен сабақ жүргізудің кешенді үлгі жоспарына сәйкес мекеменің
жауапты қызметкері және ЖТК (ОТК) мүшелері толтырады;

5) сотталғанды басқа мекемеге ауыстырғанда (босатқанда) күнделік жеке ісіне тіркеледі, басқа жасаққа ауысқанда қабылдаған жасақ бастығына беріледі.

Бас бостандығынан айыруға<br>сотталғандармен тәрбие<br>жұмысын жүргізу қағидаларына<br>2-қосымша

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 12.07.2022 № 588 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тегі: _____________________________________________

Аты: _____________________________________________

Әкесінің аты: _____________________________________________

Туған күні:____________________

Ұлты ________________________

Білімі: _________________

Мамандығы: _______________________

Қамау алдындағы жұмыс орыны: _________________________________
_____________________________________________

Қарулы күштердегі қызмет: __________________

Сотталықтарының саны: __________
Бап, мерзімі: ________________________________
Мерзімінің басталуы: ________________
Мерзімінің аяқталуы: ________________
Қылмыстың қысқа фабуласы: __________________________________

_____________________________________________

Қылмысты (алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде / аффект күйінде) ( қажетінің астын сызу) жасаған

Мәжбүрлеп емдеу тағайындалды: Жоқ; Иә; (есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикалық бұзылулардан зардап шегуші ретінде; психикаға белсенді әсер ететін заттарды (ПБЗ) пайдаланумен байланысты психикалық, мінез-құлық бұзылыстарынан (аурулардан) емделуге мұқтаж деп танылғандар ретінде; кәмелетке толмағандардың, жас балалардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған он сегіз жастан асқан адам ретінде) астын сызу)

Соттың мәжбүрлеп емдеуді тоқтатқан күні: ______________________________
_

ШТМББ:_____________________
ЖЖА:________________________ БТМ:_________________________
Келіп түскен күні: ________________
Қайдан келді: ___________________
Профилактикалық есепке алу (түрі, күні, есепке қою негізі, бастамашы қызметі):

_____________________________________________

**Өмірбаяндық деректерді талдау**

Тәрбиенің ерекшеліктері (толық / толық емес отбасында, туыстарында, балалар үйінде, интернатта, қамқоршыларда/асырап алушы ата-аналарда; ата-анасыз қай жастан бастап, отбасында қанша бала / бала саны бойынша; ата-аналар тарапынан назардың болмауы орын алды; балалық / жасөспірімдік жаста бас тарту; шамадан тыс қорғаншылық, "отбасының кумирі"; шамадан тыс қатаң тәрбие, ата-аналар/ата-аналар мен балалар арасындағы/балалар арасындағы жанжалдар, бір баланың(олардың) екіншісінің(олардың) кемітуі есебінен көтерілуі (керегінің астын сызу, өзгені көрсету):

Ата-аналардың мәртебесі (жоғары/орташа/төмен білім беру, кәсіби және әлеуметтік; қайғылы қаза болу, аурудан мезгілсіз қайтыс болу, қай жаста) (керегінің астын сызу, өзгені көрсету): ______________________________

_____________________________________________

Отбасы (үйленген / тұрмыста, бойдақ / тұрмыста емес, азаматтық неке, жесір(а) ажырасқан(а); отбасымен байланыс: отбасымен байланысты қолдайды/қолдамайды/ жоғалған/отбасылық қарым-қатынас жақсы/қанағаттанарлықсыз; отбасы құрметті, ақылды/дисфункционалды, маргиналды өмір салты; балалардың болуы (саны, Жасы,

жынысы) (керегінің астын сызу, өзгені көрсету): ___________________________________

____

______________________________________________

Қолайсыз тұқым қуалаушылық (жақын туыстарында психикалық аурулардың, алкоголизмнің, Нашақорлықтың, уытқұмарлықтың; ауытқушылық, делинквенттік мінез-құлықтың, суицидтік әрекеттердің немесе аяқталған суицидтердің болуы; бұрын сотталған, діни сектада тұрған және т. б.) (қажеттісінің астын сызу, өзгені көрсету): ___

__________________________

Анамнез (бас сүйек-ми жарақаттары, тыртықтардың, тыртықтардың, күйіктердің болуы және т. б.; үйден кету/қаңғыбастық/оқу орындарын елемеу фактілері; аса құнды құмарлықтар мен қызығушылықтар; ББЗ теріс пайдалану; садизмнің, жануарларға/қоршаған ортаға физикалық агрессияның көрінісі; отбасылық қатынастардың бұзылуы, ажырасулар; жұмыс орындарының жиі ауысуы, теріс себептер бойынша жұмыстан шығу; құмар ойындарға/бәс тігуге әуестену және т. б.) (қажеттінің астын сызу, өзгені көрсету): ________________________________

________________________________________________________________________

Аутоагрессия (суицидтік және кез келген аутоагрессивтік мінез-құлық, оның ішінде көрсету сипаты: бөгде дене, тамақтанудан бас тарту, дене жарақаты және т. б.) ( қажеттісінің астын сызу, барлық фактілерді, күндерді, тәсілдерді, себептерді көрсету):

___________________

Д-есепке алу: (наркологиялық, психоневрологиялық, соматикалық, туберкулездік; мүгедектіктің болуы) (қажетінің астын сызу, диагнозын көрсету)

Зорлық-зомбылық жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу / жыныстық артықшылықты бұзу (гомосексуализм) (көрсету): ___________________________

______________________________________________________

Қызығушылығы, хоббиі, іскерлігі, дағдылары (көрсету): _________________________

_________

Өзінің жұмыспен қамтылуына қатынасы (оң, бейтарап, теріс) қажетінің астын сызу, өзгені көрсету): _____________________________________

______________________________________________________

**Психологиялық сипаттама: (керегінің астын сызу, қажет болған жағдайда сипаттау, нақтылау)**

Нейро-лингвистикалық бағдарлау (НЛБ) (визуал, аудиал, кинестетик, дискрет) ____

___________________________________________

Конституция (астеник, жеңіл атлетика, пикник, диспластика) _____________

_________________________________________________________________________

Темперамент (тұрақты экстроверт, тұрақсыз экстроверт, интроверт; холерик, сангин , флегматикалық, меланхолик): _____________________________

______________________________________________________________

Мінез акцентуациясы (баллмен): ____________________________________

______________________________________________

Өзін-өзі бағалау (жеткілікті, шамадан тыс, төмен, тұрақсыз) __________________

__________________________________________

Жүйке-психологиялық тұрақтылық (жоғары, жақсы / орташа, қанағаттанарлық, төмен / қанағаттанарлықсыз) _________________________

_______________________________________________________________

Жанжалдағы мінез-құлық стилі (қарама-қайшылық, ынтымақтастық, ымыраға келу, қашу, сәйкестік) ____________________________________

_______________________________________________________________

Бастапқы диагностика нәтижесінде суицидтік қауіп (жоқ, әлсіз, орташа, жоғары) __

___________________

Суицид және өзіне қандай да бір қасақана зақым келтіру қатерлері: суицид жасау ниеті туралы белсенді ойлар мен мәлімдемелер; өзіне дене жарақатын салудың айқын қаупі; суицид жасау/өзіне зақым келтіру (кез келген түрдегі)/тамақтанудан бас тарту әрекеттерінің болуы; әлеуметтік қолдаудың болмауы (жұбайымен (зайыбымен) ажырасу, ауыр бұзылған қарым-қатынастар, әлеуметтік ортаны қабылдамайтын туыстық байланыстардың үзілуі); өмірін аяқтау қаупі/суицид жасаудың тыңғылықты жоспары; созылмалы мүгедектік ауруы, психикалық денсаулық жағдайы, басқалармен қақтығыстар және басқалар: ______________________________________________

________________

Мазасыздық (жеке, жағдайлық; төмен, орташа / орташа, жоғары)

_______________________________________________________________

Депрессия (жоқ, әлсіз, орташа, күшті) ____________________________

_______________________________________________________________

Бейімделу (төмен, қанағаттанарлық, қалыпты, жоғары; жылдам, баяу)

_______________________________________________________________

Невротизация (Н)/Психопатизация (П) (П-жоғары, п-төмен, Н-жоғары, Н-төмен)

________________________________________________________

Агрессия (аутоагрессия, жанама, физикалық, ауызша агрессия, негативизм)

______________________________________________________________

Деструктивті агрессияға бейімділік: даулар/жанжалдар кезінде басқа адамға дене күшін қолдану; ашушаңдық (кішкене қозу кезінде жағымсыз сезімдерді көрсетуге дайын болу: қызба мінез, дөрекілік); негативизм (пассивті қарсылықтан бастап қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен заңдарға қарсы белсенді күреске дейінгі мінез-құлықтағы оппозициялық тәсіл); реніш (нақты және ойдан шығарылған әрекеттер үшін басқаларға қызғаныш пен жеккөрушілік); күдік (сенімсіздік пен сақтықтан бастап, басқа адамдар жоспарлап, зиян келтіретініне сенуге дейін); сөздік озбырлық (теріс

сезімдерді (айқайлау, бажылдау) түрінде және ауызша жауаптар (қарғау, қорқыту) арқылы білдіру; кінә сезімі (субъектінің жаман адам екендігіне, зұлымдыққа, сондай-ақ оның өкінуіне деген ықтимал сенімі)

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Фрустрация (төмен, орташа, жоғары)_________________________________

__________________________________________

Қаттылық (төмен, орташа, жоғары) __________________________________

___________________________________________

Жалғыздық (төмен, орташа, жоғары) ________________________________

__________________________________________

Үмітсіздік (жоқ, жеңіл, орташа, ауыр) ___________________________

Эмпатия (өте жоғары, орташа, төмен, өте төмен) _______________________

__________________________

Интеллект (сөйлеу, логикалық-математикалық, дене-кинетикалық, визуалды-кеңістіктік, әлеуметтік, жеке, шығармашылық; төмен, орташа, жоғары; жылжымалы, кристалданған) ______________________________________

_____________________________________________

Есте сақтау (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді, жедел, қозғалыс, эмоционалды, бейнелі, ауызша-логикалық) ______________________________________

_____________________________________________

Назар аудару (еріксіз (пассивті), ерікті, шоғырланған, көлемді, тұрақты, ауыспалы, таратылған.) ______________________________________

Айқын белгілер (қылилық, үлкен туатын дақтар/сүйелдер, тыртықтар, күйіктер және т. б. дененің, беттің ашық жерлерінде, өркештің болуы, ақсақтық, дененің жұптасқан бөліктерінің айқын білінетін асимметриясы, дене бөлігінің болмауы: көз, қол, аяқ және т. б.) ____________________

Сөйлеу (баяу, тегіс, тұтқыр, тыныш, қозған, қозғалмалы, айқын, табанды, мәдени, сауатсыз, жергілікті диалектілердің болуы, екпін, сөйлеу кемшіліктері: сыбырлау, мұрын, бұралу, кекіру, саңырау, сөйлеу - жиі қайталанатын паразиттік сөздер және т. б. ) __________________________________

Мінез-құлық / моторлық әдеттер (қолды ысқылау, саусақтардың буындарын қысу, назолабиалды үшбұрышты, иекті, шашты басынан сипау, аяғынан аяғына дейін басу, қолды тігістерде/Аркада/қалтада ұстау, қолдардағы заттарды бұру, басын иыққа еңкейту, аяғын аяққа қою, тырнақтарды тістеу, ән айту, би билейді, қолмен/аяқпен ырғақты ұрады және т. б.) ______________________________

_____________________________________________________________

Мінез-құлық: (сабырлы/мүйізді, жабық / ашық, эмоционалды / сабырлы,сенімсіз / қызығушылық танытады, қашықтықты сақтайды/ сақтамайды, сергек/босаңсыған,

белсенді / енжар, сенімді/сенімді емес, қарапайым / бос,сөйлейтін / үнсіз, қатал / гуманистік, агрессивті / мейірімді, батыл / қорқақ, бейім авантюрам, импульсивен / Мұқият продумывает өз іс-әрекеттері және т. б.) (керегінің астын сызу, өзгені көрсету):

___________________________________

____________________________________________________________________

Толеранттылық/төзімсіздік (зияткерлік, этникалық, конфессиялық, мәдениетаралық, гендерлік, жыныстық, Медициналық, жас, сыныптық; төмен, орташа, жоғары) ( қажеттісінің астын сызу, өзге де көрсету): _________________

____________________________________________________________________

Шынайылық (төмен, қанағаттанарлық, жоғары) _____________________

___________________________________________________________________

Рұқсат етілген/норма/байқалады (әдепсіз тіл тигізу, ұқыпсыз сыртқы келбет, тексеруге (жұмысқа, оқуға) кешігу, өсек айту, жанжалдарда ұстамау( оларды арандату), ұсақ бұзақылық, дөрекілік, цинизм, қандай да бір арандатушылық, спирттік ішімдіктерді пайдалану, өтірік айту, дене күшін қолдану және т. б.) (керегінің астын сызу, өзге де көрсету):________________________________

_________________________________________________________________

Басым қажеттіліктер: (физиологиялық, өзін-өзі сақтау, әлеуметтік топқа жату, жеке басын құрметтеу, өзін-өзі көрсету және т. б.) (керегінің астын сызу, өзгені көрсету): ___

_______________________________________________

Құндылықтар (жеке, әлеуметтік, материалдық, идеялық және т.б.) (қажеттісінің астын сызу, толығырақ және өзге де құндылықтарды көрсету): _____________________

__________________________

Сотталған адам 6-12 айға дейін ұзақ уақыт бойы (ұсталғанға дейін, тергеу изоляторында, мекемеде) қатты эмоциялық күйзелісті бастан кешірді ме (қажетінің астын сызу, өзгелерін психологиялық портретте көрсету қажет): жалғыздық; аңсау; қорқыныш; үрей; тұйықтық; дұшпандық; долылық; өшпенділік; ыза; қанағаттанбаушылық сезімі; шаршау және үмітсіздік сезімі (өмір сүргісі келмейді) және басқа ___________________________________________

___________________________________________________________________

Жеке тұлғаның қоғамға қарсы және шекаралық сипаттағы ерекше бұзылыстарының болуы: алдамшы сүйкімділік; патологиялық; зымияндық, қулық және айналасындағы адамдарға айла-шарғы жасау (жеке пайда алу үшін); жоғары моральдық сезімдерді ( өкіну, жаны ашу, күйзелу, кінә мен ұят сезімдері) сезіне алмау; жауапсыздық; фрустрацияға өте төмен төзімділік; агрессивті мінез-құлықтың төмен шегі (физикалық зорлық-зомбылықты қоса алғанда); басқаларды айыптауға айқын бейімдігі __________

__________________________________

___________________________________________________________________

Тәуелді типтегі жеке тұлғалық бұзылулардың болуы: өзіне-өзі күмәндану (өзін-өзі бағалаудың төмендігі); басқа адамдардың талаптарына оңай бағынады (басқалардың нұсқауы бойынша заңсыз әрекеттер жасай алады); жалғыз қалудан қорқу (қолдаусыз тастап кету, айналасындағылардың үнемі жігерлендіруін қажет етеді); айналасындағылардан қамқорлық пен қолдау алуға ұмтылу (тіпті өз еркімен өзіне жағымсыз нәрселер жасауы мүмкін); өзіне қатысты маңызды шешімдер қабылдау жауапкершілігін басқаларға белсенді немесе пассивті түрде арту (қажетінің астын сызу )

Басқа психологиялық және мінез-құлық ерекшеліктері _______________

___________________________________________________________________

Психолог __________________________________________________________

(Мекеме; ТАӘ)

Бөлім 1. Психодиагностика нәтижелері

(психолог толтырады)

| № | Күні, уақыты | Құрал-саймандар. (өтінім кімнен келіп түсті) | Нәтижелері. Интерпретация | Жұмыс бойынша ұсыныстар ( Психологтың ТАӘ) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Бөлім 2. Сотталғандарға консультациялық, психологиялық түзету, психопрофилактикалық жұмысты іске асыру жоспары

(психолог толтырады)

| № | Күні, уақыты | Іс-шараның мақсаты, әдістері, атауы және жұмыс нәтижелері (өтінім кімнен келіп түсті ) | Ескертпе (неғұрлым тар маманға жолдама болуы мүмкін қажетті белгілер көрсетіледі). Іс-шараға реакция туралы қорытынды және мінез-құлықтың өзгеру дәрежесі (қосымша шаралар кешенін өткізу қажеттілігі) ( Психологтың ТАӘ) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Бөлім 3. Мекеменің профилактикалық есебінде тұрған адамдармен жеке түзету ( тәрбие) жұмысы (жасақ тәрбиешілері кеңесінің мүшелері толтырады)

| № | Күні, уақыты | Іс-шараның мақсаты, әдістері, атауы және жұмыс нәтижелері (өтінім кімнен келіп түсті ) | Жауапты орындаушы ( Қызметкердің ТАӘ) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Бас бостандығынан айыруға

сотталғандармен тәрбие
жұмысын жүргізу қағидаларына
3-қосымша

нысан

Бекітемін
__________ бойынша ҚАЖД
______мекемесінің бастығы
әділет __________
____________________________
(қолы, Т.А.Ә, ол болған кезде)

## Сотталған ______________________ (Т.А.Ә., ол болған кезде) 20___ арналған әлеуметтік бейімдеу және қайта әлеуметтендіру бағдарламасы

| 1. Жеке тұлғаны зерделеу сызбасын қоса беріп, сотталғанның жеке тұлғасын зерделеу нәтижесі бойынша жасалады (жасақта болған бірінші ай ішінде), соның ішінде: | | | |
|---|---|---|---|
| № | Мазмұны | Мәліметтер | |
| 1) | денсаулық жағдайы туралы | | |
| 2) | білім деңгейі туралы | | |
| 3) | жазаны өтеу режиміне қатынасы туралы | | |
| 4) | тағайындалған мәжбүрлеп емдеуі туралы | | |
| 5) | еңбекке қатынасы туралы | | |
| 6) | сотталғандар ұжымында және мекеме әкімшілігімен қарым-қатынасы туралы | | |
| 7) | әлеуметтік-пайдалы қатынастары туралы, және олармен қарым-қатынасы | | |
| 8) | теріс құмарлықтары және қызығушылықтары | | |
| 9) | жеке тұлғаны куәләндыратын құжаттары болуы туралы | | |
| 10) | Өзгелер | | |
| № | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орындалуы туралы ақпарат |
| 1) | Негізгі/бастапқы/жалпы орта білімді ұсыну | | |
| 2) | Жұмысқа орналастыру бойынша шара қабылда | | |
| 3) | Мекемені абаттандыру жұмыстарына тарту | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4) | Әлеуметтік-құқықтық оқытуды өткізу | | |
| 5) | Психологиялық сұхбаттар (айына 1 реттен кем емес) | | |
| 6) | Мәдени-көпшілік іс-шараларына тарту | | |
| 7) | Қажеттілігі бойынша құжаттандыру | | |
| 8) | Бос уақытын қамту және сотталғандардың ерікті ұйымдарына тарту | | |
| 9) | Әлеуметтік қамтамасыз ету заңнамасына сәйкес, өзге әлеуметтік көмекті ұсыну және зейнатақымен қамтамасыз ету | | |
| 10) | Өзге іс-шаралар | | |

Жасақ бастығы ________________________________________________________________________

(Т.А.Ә., ол болған кезде, атағы, қолы)

20 ___ ж. "_____" _________________

КЕЛІСЕМІН

Сотталғандармен тәрбие жұмысы бойынша

бөлім/бөлімше/топ бастығы ____________________________________________

(Т.А.Ә., ол болған кезде, атағы, қолы)

Ескертпе:

Бағдарлама жасақ бастығының ЖТК мүшелерімен бірлесіп жасалынады, бағдарламаның нысаны альбомдық.

Жазаны өтеу барысында сотталғанның жеке тұлғасын ескере отырып бағдарламаға қосымша іс-шаралар енгізіледі.

Басқа мекемеге ауыстыру жағдайында оны жаңа мекемеде жалғастыру және сотталғанның жеке тұлғасын ескере отырып қосымша іс-шаралар енгізу үшін бағдарлама сотталғанның жеке ісіне қоса беріледі.

Босатылуға бір жыл қалғанда босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделу үшін қажетті әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемі бойынша жеке бағдарлама жасалады ( сотталғандарды жұмыспен және тұрмыстық қамсатасыз ету қызметкері, жасақ бастығы және психолог жасайды).

Бас бостандығынан айыруға
сотталғандармен тәрбие
жұмысын жүргізу қағидаларына
4-қосымша

**Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сотталғандар арасында әлеуметтік-құқықтық оқыту өткізудің тақырыптық жоспары**

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 06.12.2021 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | Тақырыптың атауы | Барлық сағаттар | Соның ішінде | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Дәрістер | Әңгімелер, диспуттар |
